

Байзақ аудандық мәслихаты шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Жамбыл облысы Байзақ аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 қазандағы № 15-3 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 16 қарашада № 25176 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 27 бабына сәйкес, Байзақ аудандық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Байзақ аудандық мәслихатының "Сот шешімімен коммуналдық меншікке түскен болып танылған иесіз қалдықтарды басқару Қағидаларын бекіту туралы" 2017 жылғы 23 қазандағы № 19-6 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3564 болып тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Байзақ аудандық
мәслихат хатшысы*

Б. Акбаев